

ЛЕНИН ТУУ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 180 (9242) | 1953 жылғы 8 сентябрь Сейсенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Совет адамдары бейбітшілікті сақтауға және нығайтуға бағытталған, совет халқының және барлық елдердің бейбітшіл халықтарының ынтызар мүдделеріне сай келетін Совет Үкметінің бейбітшіл сыртқы саясатын қызу мақұлдап, қолдап отыр.

Колхозды ауыл мәдениеті

Коммунистік партия мен Совет Үкметі колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайта беру мәселесіне ерекше көңіл бөліп келеді. Олар Отандық жаңа техникалармен үздіксіз жабдықты. Көзір ауыл шаруашылығының көптеген жұмыстары техника күшімен, электр қуатымен атқарылатын болды. Колхоздардың егіс көлемі молайып, малдың саны көбейіп, олардың өнімділігі арта түсуде. Сөз жоқ, мұның барлығы Коммунистік партия мен Совет Үкметінің социалистік ауыл шаруашылығымызды барған сайын өркендетіп беру жөнінде көрсетіп отырған қамқорлығының нәтижесі болып табылады.

Колхоздардың қоғамдық дәулетінің артып, олардың ұйымдық-шаруашылық жағынан нығай түсіп отырғаны ауыл-селоның мәдениетін өркендетуге ойдағыдай мүмкіншілік жасай келеді. Егер Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейінгі ауыл-село мәдениеті нашар және жұлды болса, ұсқыны кеткен көңілсіз, көріксіз болса, көзір советтік ауыл-село мүлдем өзгеше. Олар көзір күн санап көркейіп, гүлденіп түсуде. Олардың шаруашылығымен бірге мәдениеті де дамып, өсіп келеді.

Көзір ауыл-селоарымыздың өздерінің мектебі, клубы, кітапханасы, киноустановка, радиорабабы, электр станциясы, ауруханасы, балалар ясли және басқа да көптеген мәдениет орындары бар. Міне, бұл мәдениет орындарының барлығы да халық үшін қызмет етеді. Егер Октябрь социалистік революциясына дейінгі ауыл-селоның адамдары түгел дерлік сауатсыз болса, советтік ауыл-селода сауатсыздық мүлдем жойылды. Көзір, ауыл-селода міндетті түрде жетікшілік білім алу жүзеге асырылады.

Партия мен үкметіміз ауыл-селоны мәдениеттендіру ісіне қаржыны көп бөліп келеді. ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясы қабылдаған ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті туралы Заңда әлеуметтік-мәдени жұмыстарға 129.762.381 мың сом қаржы бөлінгендігі, мұның 1952 жылғы бюджетпен салыстырғанда 7.002.982 мың сом артық екені атап көрсетілді. Бұл партия мен үкметіміздің совет адамына деген күнбе-күні зор қамқорлығын сыйпаттайды.

Ауыл-селоны мәдениеттендірудің, олардағы мәдени-ағарту мекемелерінің алға жылжып отыратыны және талапқа сай жұмыс

ағарту мекемелері үлгілі жұмыс істейді.

Сталин атындағы колхоздың (Петропавл ауданы) партия ұйымы және колхоз басқармасы колхозшылардың әл-ауқатын жақсартып, олардың мәдениет дәрежесін арттыру жолында елеулі табыстарға ие болып отыр. Бұл колхозда мектеп, электр станциясы, оқу үйі, клуб, радиорабабы, аурухана жұмыс істейді. Кітапханада марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерінен, совет жазушыларының шығармаларынан 1325 дана кітап бар. Бұларды колхозшылар үзбей оқып, білімдерін көтеріп отырады. Мысалы, қарт колхозшы И. Штоль жолдас өткен жылы 44 көркем әдебиет кітабын оқыған болса, бейбіл оқиды да көп кітап оқымақшы. Колхозда бұл сияқты кітап оқушылардың саны көптеп саналады.

Бірақ, осындай жағдай облыс колхоздарының бәрінде бірдей дей алмаймыз. Бір-қатар колхоздардың басшылары мәдениет саласына әлі де жеткілікті дәрежеде көңіл бөлмей келеді. Мысалға Жамбыл атындағы колхозды (Петропавл ауданы) алайық. Бұл колхоздың мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысы мүлде қанағаттанғысыз.

Жамбыл атындағы колхозда мәдениет мәселесінің кейінгі қатарда қалдырылуының себебі неден? Әлде бұл колхозда бұл жұмысты жақсартуға жағдай жоқ па? Әрине, олай емес. Колхозда мәдениет жұмысын жақсартуға керекті жағдайдың барлығы бар. Бірақ, амал не, колхоз басшылары бұл іске қолда бар күш-мүмкіншіліктерді пайдалана алмай отыр.

Бұл колхозда мәдени-ағарту мекемелері жұмысының тиісті дәрежеде болмауына бастауыш партия ұйымы мен Бескөл селолық Совет атқару комитеті де тікелей кінәлі деуіміз керек. Өйткені, олар колхоздағы мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын жақсартуға жете көңіл бөлмей отыр.

Мұндай кемшіліктер жалғыз Жамбыл атындағы колхозда ғана емес, облысымыздың басқа да бірнеше колхоздары, МТС және совхоздарында кездеседі. Мамлют, Көпжар, Октябрь аудандарында мәдени-ағарту орындарының жұмысы өте төмен дәрежеде жүргізіліп келеді. Оларда мәдени-ағарту орындары қолайлы үйлермен қамтамасыз етілмеген. Клуб, кітапхана, оқу үйлеріне арналған үйлерді көктемгі егіс, егін орағы кезінде астық қоймасына айналындырады дегендері де бар. Сол сияқты,

Барлық халықаралық мәселелер бейбітшілік жолмен реттелуге тиіс және реттеледі де

Біздің бейбітшілік ісіне қосқан үлесіміз—еңбек

КИШИНОВ, 6 сентябрь. (СОТА). Молдавия астанасының кәсіпорындарында Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Будапеште болған сессиясына және бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитетінің кеңейтілген пленумына арналған жыйналыстар өтуде. Кишиневтің алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының бірі—әсем аяқ киім жасау фабрикасында көп адам қатысқан жыйналыс болды.

—Біз Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Будапеште болған сессиясының және бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитеті пленумының қарарларын қызу мақұлдап, қолдаймыз.—деп сөз сөздері И. Ремизов.—Бұл қарарлар халықаралық барлық талап мәселелерді бейбітшілік жолмен реттеуге бағытталған және бейбітшілік үшін күрес ісіне қосылған зор үлес болып табылады. Халықтар бейбітшілік үшін табанды күрес арқылы жеңіске жететінін түсінуде. Кореяда уақытша бітімнің жасалуы бейбітшілік үшін бүкілхалықтық күрестің алғашқы нәтижелерінің бірі болды.

Жыйналысқа қатысушылар Совет Үкметінің бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікті нығайтуға, халықтар арасындағы экономикалық және мәдени байланысты өркендетуге бағытталған саясатын қызу қуаттап, қаулы алды.

№ 2 тоқыма фабрикасында, С. Лазо атындағы аяқ киім фабрикасында, Кишинев вагон депосында және қаланың басқа да кәсіпорындарында Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Будапеште болған сессиясының және бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитетінің кеңейтілген пленумының қарарларына арналған жыйналыстар болды.

Бейбітшілік күштері салтанат құрады

ТАЛАС. (Қырғыз ССР). 6 сентябрь.

Бейбітшілікті қорғаудың Москва облыстық комитетінің пленумы

5 сентябрьде Одақтар Үйінің Октябрь залында бейбітшілікті қорғаудың Москва облыстық комитетінің кең пленумы болды. Пленумының жұмысына кәсіподақ және комсомол ұйымдарының өкілдері, жұмысшылар мен колхозшылар, жоғарғы оқу орындарының профессорлары мен оқытушылары, ғылым-зерттеу мекемелерінің қызметкерлері, мектеп мұғалімдері, дәрігерлер, искусство қызметкерлері қатысты. Пленумды бейбітшілікті қорғаудың Москва облыстық комитетінің мүшесі академик Н. В. Цицин жолдас кіріспе сөзбен ашты.

Пленумға қатысушылар Бүкіл дүниежүзілік бейбітшілік Советінің, бейбітшілікті қорғаудың Советтік және Москва облыстық Комитеттерінің мүшесі академик А. И.

Бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік үшін

5 сентябрьде республиканың Ауылшаруашылығы және дайындау министрлігінің Алматыдағы жөндеу-механикалық заводының жұмысшылары, мастерлері, техниктері мен қызметшілері Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Будапеште болған сессиясының және бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитетінің жұмысшы болып өткен кеңейтілген пленумының қарарларын талқылауға жыйналды. Қалалық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Полохов жолдас сөз сөйдеп, бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитеті пленумының жұмысы және қарарлары туралы хабар жасады.

Сөз сөз тегі цехының аппаратшысы Любанов жолдасқа берілді.

—Біз,—деді ол,—мемлекеттер арасындағы талап мәселелерді бейбітшілік жолмен реттеуге бағытталған Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Будапеште болған сессиясының қарарларын қызу мақұлдаймыз және қолдаймыз.

Заводтың бас технологі Видневский жолдас завод коллективінің бейбітшілікті нығайту ісіне қосқан үлесі туралы айтты. Кәсіпорны 8 айлық өндірістік про-

Опариннің Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің қарарларына байланысты бейбітшілікті қорғаудың Москва облыстық комитетінің міндеттері туралы баяндамасын тыңдады.

Бейбітшілікті қорғаудың Москва облыстық комитетінің пленумы қарар қабылдады, қарарда Москва мен облыстың халқы Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің халықаралық проблемаларды бейбітшілік жолмен реттеуге шақырған үндеуін бір-ауыздан қуаттайды деп берік сенім білдірді.

Пленум бейбітшілікті қорғаудың Москва облыстық Комитетінің председателі етіп академик Н. В. Цицинді сайлады.

(СОТА).

—Біздің әрқайсымыз,—деді ол,—бейбітшілікті аураулы оймен жұмыс істейміз. Завод МТС-тер мен совхоздар үшін өнім береді. Сол арқылы біз ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің өнеркәсіп үшін шикізатты, халық үшін азық-түлікті өндіруді арттыруына көмектесеміз. Біз қараймын адамдардың бақыты үшін жұмыс істейтіндігімізді жақсы білеміз.

Мұнай ыдыстары цехының бастыры Шмаков жолдас сөз алды. Жыйналғандардың қызу қол шапалақтауы үстінде ол былай деді:

—Біздің кәсіпорының коллективі бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитетінің қарарына жауап ретінде жылдық өндірістің жоғарғы мерзімінен бұрын орындаймыз деп өздеріне социалистік міндеттеме алады.

Жастардың өкілі, электр қуатымен болат балқытушы Қайдаров жолдас толқыл қызу сөз сөйледі.

Жыйналыста қабылданған қарарда завод коллективі келіссөздер жүргізу арқылы халықаралық мәселелерді реттеу іясына арналған Бүкіл дүниежүзілік Бей-

Облыс кәсіпорындарында

Фурсованың бригадасы

«Комсомолка» тігін фабрикасында И. Фурсова жолдас басқарған мінсіз жоғары сапалы өнім шығару бригадасы алда келеді. Бұл бригаданың тігіншілері өндірістік тапсырманы ай сайын толық орындайды. Тігіншілер машиналардың қуатын толық пайдалану арқасында өнімді мол шығарумен қатар оның сапасын да жақсартуда. Мәселен, өткен айда шығарылған өнімнің 99 проценті бірінші сорт есебінде қабылданылды.

Бұл бригаданың күндіз жұмыс нормасын артығымен орындайтын стахановшылардың саны көбейіп түсуде. Бригаданың мүшелері—Плеханова, Велижанская, Волосатова және Кленачева жолдас фабриканың таңдаулы стахановшылары болып саналады. Бұлардың әрқайсысы күндіз жұмыс нормаларын 150 проценттен 170 процентке дейін орындайды.

И. Фурсова бригадасының үлгілі ісінің бірі сол—мұнда әрбір тігінші жұмыс барысында бірнеше операцияны атқарады. Егер бригаданың тігіншілерінің біреуі бір себеппен жұмысқа шыға алмаса, ол адамның атқаратын жұмысы тоқтатылмай, сол қалыпша жүргізіле беріледі. Бригада мүшесінің өртүрлі операцияны атқара білетіндігінің пайдасы, әсері, соңғы уақытта айырықша тиім отыр.

Ал, Фурсова басқарған бригаданың өнімен социалистік жарысқа түскен Пыжова жолдасының бригадасы да ешбір қалысар емес. Пыжова жолдасының бригадасы өткен айда өнім шығарудың тапсырмасын толық орындауға жетісті.

Аталған бригадалардың мүшелері жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау, өнімнің сапасын жақсарту жолындағы күресте алдағы уақытта мұнан да зор табыстарға жететіндігі сөзсіз.

М. БАЙҚАНОВ.

Үн өндірушілердің табысы

«Сельхозмуваның» Петропавл завод басқармасына қарасты Германовка дйрменінің коллективі социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, жаңа зор табыстарға жетуде. Мұнда үн үгудің жоғарғы айдан-айға артығымен орындалып келеді. Бұл коллектив көзір жылдың өндірістік тапсырманы заттай алғанда 107,5 процент, үн есебімен 105,8 процент етіп орындап шықты.

ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарларымен және ССРО Министрлер Со-

істеуіне жетісудің зор маңызы бар. Мәдени-ағарту мекемелері ауыл-село еңбекшілеріне партия мен үкметіміздің саясатын, қаулы-қарарларын түсіндіруге, еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеу ісіне көмектесуге тиіс. Жергілікті партия ұйымдары бұл міндеттің аброймен орындалуы үшін мәдени-ағарту орындарының жұмысына күнбе-күн нақтылы басшылық жасап отырулары керек. Тек сонда ғана мәдени-ағарту орындарының жұмысы өз дәрежесінде бола алады.

Сол сияқты, мәдени-ағарту орындарының табысты жұмыс істеуі еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің басшылығына байланысты. Демек, еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтері ауыл-селолардағы мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысына нақтылы басшылық және қажетті көмек көрсетіп отыруы қажет.

Колхоздардағы кітапхана, клуб және оқу үйлері — колхоз мәдениетінің орталығы. Сондықтан оларды үйлермен, керекті құралдармен қамтамасыз ету қажет. Егер бұл орындар лайықты үйлермен қамтамасыз етілмеген болса, онда олардың тиісті дәрежеде жұмыс жүргізе алмайтындығы өзінен-өзі түсінікті.

Облысымызда колхозды ауыл-селолардың мәдениетін гүлдендіре беруде бірқатар жұмыстар істелді. Көптеген колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың орталықтарындағы, олардың бригадаларындағы мәдени-

оларға бөлінген қаржы да дұрыс пайдаланылмайды. Мәдени-ағарту мекемелері қолынан іс келетін адамдармен қамтамасыз етілмейді. Бұл өрине, ауыл-село мәдениетін көтеруге жете көңіл бөлмегендіктің салдарынан туган жағдай.

Колхозшы шаруалардың өскелең мәдени тілегін өтеу үшін ауыл-селолардағы клубтардың, кітапханалардың, оқу үйлерінің, киноустановкаалардың, көркемөнер дарындылары үйірмелерінің, сол сияқты, физкультура және спорт ұйымдарының жұмысын жақсартуға баса назар аударылатын болсын.

Колхозшылардың мәдени тілегін өтеуде тұтынушылар одақтарына да күрделі міндеттер жүктеледі. Тұтынушылар одақтарының ауыл-селолардағы сауда орындары колхозшыларға қажетті көпшілік қолды товарлармен бірге, мәдениет товарларын қажетті мөлшерде жеткізіп отыруға тиіс.

Біздің көзірі аяла тұрған міндетіміз — колхоздардың дәулетін молайта түсіп, колхозшылардың тұрмыс дәрежесі мен мәдениетін бұрынғыдан да арттыра беру. Бұл міндетті орындау — әрі абройлы, әрі кезек күттірмейтін іс.

Мәдени-ағарту орындарының жұмысын жақсарту үшін жергілікті партия ұйымдары мен еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтері олардың нақтылы басшылық жасап, олардың жұмысына баса көңіл бөлулері керек.

(СОТА). Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Будапеште болған сессиясының және бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитеті пленумының қарарлары Талас даласы ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің арасында қызу қолдау табуда. Бұл қарарлар колхоз жыйналыстарында кеңінен талқылануда. Талас ауданының Ленин атындағы колхозының дала қосында өткізілген бүгінгі жыйналыста колхозшы Базаршы Малаев сөз сөйледі. Ол былай деді:

— Біз, совет адамдары, бейбітшілік күзетінде тұрмыз. Бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитеті пленумының қарарлары мұны айқын сыйпаттайды. Ол қарарлар жемісті еңбек етуші совет адамдарының мызғымас еркін білдіреді. Соғыс ертія тұтандырушылардың барлық тімікеленушіліктері жүзеге асырылмайды. Бейбітшілік күштері салтанат құрады.

Осы сияқты, бүгін Сталин атындағы Вильгельм Пик атындағы ауылшаруашылық артельдерінде және басқа колхоздарда көп адам қатысқан жыйналыстар болды. Халықаралық мәселелерді бейбітшілік жолымен реттеу жөніндегі Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің және бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитеті пленумының шешімдерін қуаттаған қарарлар қабылданды.

грамманы 111,7 процент орындады. Оның өзіндік құны жоспардағыдан 6,9 процент кемітілді. Жыл басынан бері жоспардан тыс кіріс 400 мың сомға жуық болды.

Барлық халықтармен бірге бейбітшілікте өмір сүреміз

БАКУ, 6 сентябрь. (СОТА). «Сталин-шефты» теңіз мұнай бұрғылау тресі конторының қызды мүйісі дық толы. Бүгін мұнда жұмыс күшінен кейін Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Будапеште болған сессиясының және бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитеті пленумының қорытындыларын талқылау үшін көсіпорнының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженерлері, техниктері, қызметшілері жыйналды.

Сөз бұрғылау конторының директоры, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Аға Нейматулла жолдасқа берілді. Ол бүкіл совет адамдары сияқты, теңіз мұнай бұрғылаушылар бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитеті пленумының қарарын бірауыздан қуаттайтынын айтты.

Аға Нейматулла коллективі жылдық өндірістік жоспарды мерзімінен бұрын

бейбітшілік Советінің Будапеште болған сессиясы қабылдаған Декларацияны бірауыздан қолдады.

(КАЗТАГ).

орындау, бұрғылау проходкасының өзіндік құнын кеміту жолындағы күресте екі өсееленген күшпен жұмыс істеуге шақырды.

Жыйналыста жас мастер Хасиев былай деп мәлімдеді:

— Біздің мемлекетіміздің бейбітшілік саясатының айқын сыйпаттамасы болып табылатын халқымыздың үнемі өсіп отырған материалдық және мәдени қажетін қанағаттандыруға бағытталған Совет Үкметінің шаралары біздің мемлекетіміздің бейбітшілік саясатының айқын сыйпаттамасы болып табылады.

Жыйналыс Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Будапеште болған сессиясының және бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитеті пленумының қарарларын бірауыздан қабылдаған қарар қабылдады.

ветінің Председатели Г. М. Маленков жолдасдың сөйлеген сөзімен жігерленген дйрмен коллективі осы жылдың август айында өндірістік мүмкіншіліктерді толық пайдаланып, айтарлықтай табыстарға жетті. Дйрменде бұл айға белгіленген өндірістік тапсырма 137,9 процент, оның ішінде үнүгу жоспары 134,5 процент орындалды.

Дйрменнің алдыңғы қатарлы жұмысшылары жақсы көрсеткіштерге ие болды. Мысалы, Солощенко жолдас үнүгуде күндік нормасын үнемі 160—170 процент етіп орындап жүр.

Краснояр дйрменінің коллективі де осы жылғы 1 сентябрьге дейін жылдық жоспарды артығымен орындап шықты. Оның ішінде үн дайындаудың жылдық жоспары 126,7 процент орындалды. Бұл ең алдымен дйрмен жұмысшылары мен инженер-техниктерінің өндірісте озат әдістерді кеңінен қолданып, өнімді еңбек етуінің нәтижесі. В. Чуркин, М. Бурунов жолдасстар сияқты жұмысшылар еңбек үлгілерін көрсетіп, күндік нормаларын артығымен орындауда.

Осы сияқты, Преснов дйрменінің коллективі де күрделі табыстарға ие болып отыр. Мұнда үн өндірудің өткен айдағы тапсырмасы асыра орындалды.

С. МИХАЙЛОВ.

Егін жыйнау мен астық дайындау графигі—заң

Колхозшылардың сөзіне ісі сай

Петропавл ауданындағы Калинин атындағы колхоздың (председатели Сидоров жолдас) колхозшылары ЦСРО Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарларымен және ЦСРО Министрлер Советінің Председатели Г. М. Маленков жолдасдың сөзінде сөйлеген сөзімен жігерлене отырып, оған жауап ретінде егінді ысыралсыз жыйнап алуға, астық дайындау жоспарын 15 сентябрьге дейін орындауға міндеттенгенді. Колхозшылар алған міндеттемелерін орындау күресінде аянбай еңбек етті.

Колхозда егін жыйнау және бастырылған астықты дайындау тәулік бойы ұйымдастырылып, егін даласында еңбек қыза түсті. Комбайншылардың өзара социалистік жарысында комбайншы Негесов жолдас айтарлықтай табыстарға ие болып келеді. Ол егін жыйнау маусымы басталғалы комбайн агрегатының қалтқысыз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп күн сайын 12 гектар орнына, 17—20 гектардан, кейбір күндері 25 гектарға дейін егін орып отырды.

Астық тазалауда, кептіруде колхозшылар күні-түні бірдей жұмыс істеді. Рагозин жолдас бөскарған қырманда жұмыс тәулік бойы ұйымдастырылып, бастырылған астық күнбе-күн тазартылды. Астық

тазалауда, әсіресе, колхозшылар А. Купчин, А. Утралник, И. Бондаренко жолдасстар еменалық жұмыс тапсырмаларын үнемі 120—130 проценттен орындады. Комбайндардан қырмандағы астық тасуға колхозшылар Н. Баранов, С. Есіркепов, Ә. Оразов жолдасстар ерекше көзге түсті. Олар таң сәрісінен түн қараңғысына дейін өнімді жұмыс істеп, комбайндардың қалтқысыз жұмыс істеуіне зор көмек көрсетті.

Мемлекетке астық тапсыруда шофер А. Трофимов жолдас аянбай еңбек етті. Ол өзінің автомашинасымен күні-түні бірдей дайындалған астықты қабылдау пункттеріне жеткізіп отырды.

Колхозшылардың осындай қажырлы еңбегі колхозда мемлекетке астық тапсыру жоспарының мерзімінен бұрын, толық орындалуына мүмкіндік берді.

Колхозда көзір келесі жылдың өгісіне тұқым қорын дайындау ісі қызу жүргізілуде. Олар көзір өздерін қажетті тұқыммен қамтамасыз етті. Қырманда тұқымдық өнді тазартып, кептіру, сөйтіп, шығымдылық дәрежеге жеткізу жұмыстары тыңғылықты ұйымдастырылған.

Ш. ҚАБДУЛОВ.

Бір күнде 32 гектар

Сартмар МТС-нің комбайншысы Александр Кримонов «Сталинец—6» комбайнымен «Новый быт» колхозының егінін жыйнап жүр. Ол ақмоалықтардың егін жыйнауды қысқа мерзімде, ысыралсыз аяқтау жөніндегі шақыруын қызу қостай отырып, быылғы маусымда 1000 гектар жердің егінін жыйнауға міндеттенген еді. Бұл күндерде комбайншы өзінің алған кө-

теріні міндеттемесін аброймен орындауда.

Кримонов жолдас өз комбайнын жақсы техникалық күтімде ұстап, тәулігіне 32 гектар алаңның егінін жыйнап жүр. Ал, кейбір күндері ол комбайнның жұмыс өнімділігін барынша арттырып, күніне 40 гектарға дейін егін жыйнайды.

Ә. МҰХАМЕТОВ.

Астық дайындау жоспарын орындаған совхоздар

Алдыңғы қатарлы совхоздардың коллективтері алған міндеттемелерін іс жүзінде аброймен орындауда. Солардың бірі—Явленка совхозының коллективі. Коллектив мүшелері егін жыйнау мен астық дайындауды ұйымшылдықпен жүргізді. Осының нәтижесінде совхоз 1 сентябрьге дейін астық дайындау жоспарын 164,4 процент орындап шықты.

Осы сияқты, Киров атындағы астық совхозының коллективі де егін жыйнауды қысқа мерзімде аяқтау және мемлекетке жоспардан тыс мыңдаған центнер астық тапсыру жолында аянбай еңбек етуде. Мұнда 36 комбайн үздіксіз жұмыс істеп жүр. Комбайншылардың күндік жұмыс тапсырмаларын толық және артығымен орындауы совхозда егін жыйнаудың күнделікті және бескүндік тапсырмаларының үнемі артығымен орындалуына мүмкіншілік туғызып отыр.

Совхозда бастырылған астықты қабылдау пункттеріне жөнелту ісі де тыңғылықты ұйымдастырылған. Мұнда бастырылған астық сол күні тазартылып, қабылдау пункттеріне жөнелтіледі. Сондықтан да бұл совхозда 25 августқа дейін астық дайындау жоспары толық орындалған болатын. Коллектив мүшелері қол жеткен табысты баяндап ете отырып, мемлекетке астық тапсырудың қаржынын үдетте түсті. Сөйтіп, соңғы бескүндікте мемлекетке 12450 центнер астық тапсырып, жоспарды 183 процент орындады.

Мемлекетке астық тапсыру жоспары Приениш совхозында да толық орындалып отыр. Тоқшын совхозының коллективі де жаңа табысқа ие болды. Мұнда да астық тапсыру жоспары артығымен орындалды.

Т. ЕСЕНОВ.

Облыс колхоздары мен совхоздарында егін жыйнау мен астық дайындаудың барысы туралы

Осы жылғы 5 сентябрьдегі мәлімет (жоспардың орындалу проценті)

Аудандар	жыйналған егін	мемлекетке тапсырылған астық
Петропавл	66,5	82,1
Мамлют	61,1	51,3
Сokolov	60,0	38,9
Приениш	58,7	51,3
Кониюхов	57,9	54,8
Ленин	55,1	43,3
Полудень	54,9	51,9
Преснов	52,8	46,9
Октябрь	51,1	56,3
Совет	50,3	55,7
Булаев	46,2	37,6
Совхоздар бойынша	76,4	99,9

Өнімді еңбек

ССР Одағы Жоғарғы Советі V сессиясының қарарларымен жігерленген Кониюхов ауданының алдыңғы қатарлы комбайншылары егін арағында зор өрлеумен еңбек етуде. Олар техникалық күтім жасау ережесін қатаң сақтап, комбайндардың өнімді жұмыс істеуіне толығынан жағдай жасаған. Чистян МТС-нің озат комбайншысы Сартисон жолдас егін орау науқаны басталғаннан өнімді жұмыс істеп келеді. Ол «Сталинец—6» комбайнымен «Жаңа тұрмыс» колхозында 400 гектар егін жыйнап, маусымдық тапсырманы асыра орындады.

Белгіленген қызмет мерзімдерін толық атқарған әскери қызметшілерді Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флоты қатарларынан қайтару туралы және Совет Армиясына кезекті шақыру туралы

ССР ОДАҒЫНЫҢ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІНІҢ БҰЙРЫҒЫ
5 сентябрь 1953 жыл № 80 Москва қаласы

Жалпыға бірдей әскери міндет туралы заңға сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Тұрақты әскери қызметтің заң бойынша белгіленген мерзімдерін толық атқарған солдаттар, матростар, сержанттар және старшиналар Совет Армиясы, Соғыс-Теңіз Флоты, шекаралық және ішкі әскерлер қатарынан запасқа қайтарылсын.
2. Бұл бұйрықтың 1-пунктінде көрсетілген әскери қызметшілердің қайтарылуына байланысты, 1934 жылы туған, шақырылудан жеңілдік алуға және кейінге қалдырылуға правосы жоқ азаматтар, сол сияқты, шақырылудан кейінге қалдырылған мерзімі аяқталған және құрдастары тұрақты әскери қызметте жүрген шақырылу жасындағы азаматтар Совет Армиясына, Соғыс-Теңіз Флотына, шекаралық және ішкі әскерлерге тұрақты әскери қызметке шақырылсын.
3. Бұйрық барлық роталарда, эскадрондарда, батареяларда, эскадрильяларда және корабльдерде жариялансын.

ССР Одағының Қорғаныс Министрі
Совет Одағының Маршалы Н. А. БУЛГАНИН.

Жазушы М. М. Аразиді (Арутюнянді) Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтау туралы

ЦСРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Туғанына 75 жыл толуына байланысты көркем әдебиет саласындағы еңірген еңбектері үшін, жазушы Мовсес Мелконович Арази (Арутюнян) Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталсын.

ЦСРО Жоғарғы Советі Президиумының Председатели К. ВОРОШИЛОВ.

ЦСРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль.

4 сентябрь 1953 жыл.

Дәулеті тасып, мәдениеті гүлденген колхоз

ҮЛКЕН ӨЗГЕРІСТЕР

Бұл колхоз Баян көлінің солтүстік-батыс бетіне орналасқан. Колхоз аты да осы көлдің атымен аталады. Айнала қалың ағаш қоршаған бұл ауыл қашан жақын келгенше көріне қоймайды. Облыс орталығы мен темір жол торабы да одан қашық. Аудан орталығынан 50 километр қашықтықта тұрады. Бір сөзбен айтқанда, бұл ауыл республиканың шалғай аудандарындағы алыс колхоздың бірі.

Бірақ, бұл колхозға келген адам еш уақытта да өзінің орталықтан алыста екендігін сезінбес еді. Ең алдымен, оқтай түзу салынған ауыл көшесі, бір үлгімен салынған қоспағаш үйлер және көшенің екі бетін жарыса бойлаған электр сымдарының бағаналары сені үлкен орталықты қалаға келгендей сезімге келтіреді. Ал, екі үйдің бірінен саңқылдап естіліп жатқан музыканың сазды күйі мен шырқай салынған әсем ән, я болмаса, «Москвадан сөйлеп тұрмыз. «Правда» газетінің бүгінгі номерінен шолу береміз» деген радиодабылдағыш үндері қала көрінісін көз алдыға әкелгендей. Ауылдың нақ орталық алаңында бойлап өскен жас қайың мен терек қоршаған мектеп үйі. Оған жақпас ауылдық Совет, колхоз басқармасының үйлері мен интернат, магазин, кітапхана, клуб орналасқан. Медициналық пункт пен ауылдық Советтің оқу үйі де осы қатарда.

Колхоз адамдары украин егіншілерінің, өзбек мақташыларының, азербайжан мұнайшыларының, Москва заводтарының тандаулы ізаттарының, хакэс малшыларының еңбектегі үздік табыстары туралы ілезде хабарланады. «Правда», «Известия», «Социалисттік Қазақстан» және басқа орталық, республикалық және облыстық газеттерді олар кезінде-ақ алып оқыйды. Өйткені, бұл жерге орталықтан таратылатын почта аудан орталығына дейін самолетпен, одан бергі жерде машинамен жеткізіледі.

Бұл колхоздан хат танымайтын адамды кездестіру қиын. Колхозшылардың көпшілігі газет, журналдар алдырады. Қай колхозшының үйіне барсаңыз да одан орталық, республикалық және облыстық газеттердің соңғы номерін оқып аласыз.

Колхозда барлығы 200-ге жуық семья бар. Осы семьялардың қайсысынан болсын жоғарғы оқу орындарында, орта мектепте, техникум мен училищелерде, фабрика-завод мектептерінде оқып отырған жастар мен балалар бар. Колхоз жастары білімнің әр саласын меңгеруде. Мәселен, Асылтаев Кенбай ауылшаруашылық институтының V-курсында, Ахмеджанов Доган сол институттың III-курсында, Қасымов Ишан шеттілдер институтында, Қасенова Күлнәз Москваның технологиялық институтында, Тажин Сайран, Молдахметов Зейнолла педагогикалық институтта оқып жүр.

Көптеген жастар жоғарғы оқу орнын бітіріп, өз ауылдарына жұмысқа оралды. Алматыдағы педагогикалық әйелдер институтын үздік бітірген Самарханова кәзір онжылдық мектепте математикадан сабақ береді. Құсни Мырзахметова, Жәкпей Жолмұқанов, Мағаз Нұртазин сыяқты жастар жоғарғы оқу орнын ойдағыдай бітіріп шықты. Олар кәзір колхозды ауылда жемісті еңбек етіп жүр.

Колхозды ауылда бес үлт адамдары бар. Өткендегі өмірлерінің ащы кезеңдері ұқсас, кәзіргі өмірлерінің бақыттылығы, болашақтың сәулетті күндері ортақ бұл семьялардың тілектері бір, мақсаттары жалғыз. Араларынан қыл өтпес достықтағы олар қақырлы еңбек етіп жүр. Азербайжан Маликов Олег басқарған трактор бригадасы көктемгі тапсырманы 123 процент орындаса, татар Халықов Қабдолхак астық елеуде күнделік тапсырманы біржарым еседен кем орындап көрген жоқ. Қазақ Әбдешев Әбілда 30 жылдан бері жылқышы болып істеп, колхоз малының бірде-бірін шығынға ұшыратпаса, орыс әйелі Дронова Анна 1420 құсты мәмелеп күтуде. Асадұдаев Алияқбар—«Баян» колхозының мақтаншысы. Оның төсіндегі «Балға және Орақ» алтын жұлдызы мен Ленин ордені Алияқбардың еңбек озаты екендігін айтпай-ақ ұғындырғандай.

—1913 жылдың күзі еді, —деп еске түсіреді, Шөкеш қарт, өзінің өткен өмірін.—Солтүстіктен соққан өлпек жел сарғайып түсуге аз-ақ тұрған ағаштар жапырағын жан-жаққа ұшыра, суық ызғарымен ашығын дуырып барады. Мен қой жайып өріске бет алған кезде қалың түскен бозқырау өрімеген де болатын. Денесі тоназыған қойлар тоқтамай, ауылдан отыз шақырымдай жердегі қыстауға қарай ағылып барады. Ал, Жөкеш бай «ерте барсам жерімді жеп қоямын» деп әлі де күзеуде отырған болатын. Жүгіре басып қойларды қайтарып жүргенде аяғымдағы жаман шәрке жұрттылып, киюге жараммай да қалды. Бозқыраудың суық ызғары табаннан өткенде, өкпектей соққан суық жел денені мұздатып, мені де әлсіретті. Денеден төрі аяқ кәдірі болды ма қалай, мен табаннан өткен суыққа шыдай алмай, басымдағы тымағымды алып, екі аяғымды ішіне тығып отырып қалдым. Жөкеш кілген қой лезде қыстауға жетіп, ондағы үйімен шөптерді жей бастады. Нақ осы кезде қайдан келгенін білмеймін, семіз құла атқа манғаздана мініп, түлкі тымақ пен құндыз ішік, саптамалы етік киген Жөкеш бай келіп қалыпты. Домбыққан аяғым ашып, жүре алмай отырған мені келе қамшының астына алды. Сол күні кешке мені қой бағудан қуып-та шықты. Бойдан өткен суық пен еттен өткен таяқтан мен үш ай бойы төсек тартып, ауырып жатым...

Екі ешкі мен бір арық мәстек—Шөкештің Октябрь революциясына дейінгі бар байлығы болатын. Ал, үстіне ізер бүтін киім мен жөні түзу жамылар көрпе бұл үйде ол кезде болған емес-ті. —Еңбекті ол кезде мен бейнет көріп, ауыр азап пен ащы тұрмыстың құралы ғой деп түсінетін едім,—дейді Шөкеш. —Өйткені, біз қаншалықты еңбек өткен сайын, Жәкшіп бай соншалықты найда табатын. Ал, ол байыған сайын бізді қатты қанай бертін.

Ал, кәзірші?

...«Баян» колхозының оқтай түзу көшесінің орта кезінде сырты әкіп сымланған биік шатырлы үлкен қоспағаш үй тұр. Үйге жатпаса салынған қораның жыйнақтылығы қолсандықтай. Аула құрылысы үлкен қалалардағы үйлерден ешбір айырғысыз. Үйден аз қашығырақ жерде семья мүшелеріне шақталып салынған мәнша көрінеді, онан әрі қарай созылып жатқан бақша. Бақша ортасында астық қоятын сарай жезге түседі. Бұл —Аймурзин Шөкештің үйі.

Қора іші толған мал. Желіде байлаулы тұрған құлын қасындағы сар қарын мама биенің түгін тартсаң май шығады. Онан әріректе 5—6 қара мал, 15-20-ға тарта қой көрінеді. Бұлардың бәрі Шөкеш қарт пен оның семьясының адал еңбектерінің жемісі.

Үйдің іші де сәнді. Портрет, ұрандармен безелген төрті белме қала төртбімен жыйналған. Белменің екі қабырғасында жібек шымылдықпен көмкеріле сәнді сыйналған екі кровать. Үй қабырғаларында масатыдай құшырып, өрнектелген қымбатты кілемдер. Төбедегі столдың үстінде осы үйдің ең кішісі Шөкеш қарттың немерелері Сайлау мен Биәт патефон сөйлетіп, ән тыңдап отыр. Онла әріректе қатарлай жыйналған кітаптар мен газеттер көрінеді...

Аймурзин Шөкеш —«Баян» колхозы ұйымдастырылғалы мүшесі. Осы колхоздың ірге тасын бірінші қаласқандардың бірі. Колхоз ұйымдасқалы ол өзінің адал еңбегімен колхозшылар құрметіне ие болуда.

—Шөкештің колхоз басқармасынан алған сыйлықтары ғала өзінің қалған өмірін қамтамасыз етеді,—деп қалжындайды малың Есенбай қарт.

Расында да, Шөкеш қарттың колхоз басқармасынан сыйлық алмаған жылы жоқ.

Бұл семьяда сегіз адам бар. Шөкеш қарттың үлкен ұлы Мырзабек кеңалымды шөп машинасының машинисі. Оның төсіндегі самсаған медальдер Отан басына хауіп төнген кезде қолыңа қару алып, ел жауын жаныштаған ер екендігін айтпай-ақ аңғартқандай.

«Баян» колхозы өзінің табысы жағынан қарыштап өсіп келе жатқан колхоз. Сондықтан да мұнда колхозшылар тұрмысы мен мәдениеті де күн санап гүлденіп келеді. Мәселен, өткен жылы колхозшылардың еңбек күніне колхоз табысынан 175126 сом бөлінді, бұл 1950 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 3 еседен артық.

Колхоздың быйылғы жылғы барлық табысы 500 мың сом болып белгіленіп отыр. Ал, колхозшылардың әрбір еңбек күніне быйыл 8 килограмнан астық, 3,50 сомнан ақша берілмек. Колхоздың егіс көлемі де жылдан-жылға ұлғаяды. Сол сыяқты, егін өнім де жыл сайын артуда. Өткен жылы колхоз әрбір гектар дәнді дақылдан орта есеппен 8 центнерден өнім алған еді. Быйылғы жылы әрбір гектардан орта есеппен 12,5 центнерден өнім алынады.

Соңғы бесжылдықта бұл колхоздың егін даласы мүлде өзгерді. Кәзір мұнда 5 мың гектарға жуық дәнді дақыл егіледі. Колхоз ауылшаруашылығы егіс жүйесін толық меңгеруге жұмыс. Көптеген егін алаңдарына ағаштар егілген. Сол сыяқты, колхоз бұрын мұнда өсірілмеген жаңа өсімдіктер егуде. Быйыл мұнда 18 гектар жерге судан шөбі егілді. Бұл шөптің әрбір гектарынан 40-50 центнер өнім алыналы отыр. Егін алаңдарын тыңайту және қоғамдық малға азық үшін жүздеген гектар жерге көпжылдық және біржылдық шөптер егілген. Колхозда агротехникалық ережелер қатаң сақталып, толық жүзеге асырылып отырылады.

КЕШ БОЛҒАНДА

Күні бойы ыстығымен жерді аптаған күн бұл кезде өзінің ұясына нек артқан болатын. Батып бара жатқан алтын күннің арай шұғыласы батыс бетті алқызыл нурға бөлеп, көк жиекті көз айырғысыз көріктендіріп тұрған. Күн сәулесі қараңғылана бастаған сайын ерте туған ай да «ол кетсе, мен бар» дегендей, ажарлана өңденіп, өз сәулесін қараңғылықты баса шашып тұр.

...Колхозды ауылдың орталық алаңында күн батпай басталған жастардың спорт ойыны әлі тоқтар емес. Волейбол сепкасын құрып тастап, дөп ойнаған жастар ойынға әбден қыза кіріскендіктен уақыттың қалай өткенін де байқар емес.

Мектеп кітапханасының биллиард залында да қызу ойын жүріп жатыр. Ал, онан әріректе мандалин мен гармонь үніне ұласа қосылса шыққан әсем ән естіледі.

Бұл кеште Баян ауылдық Советінің оқу үйінде де лық толған халық. Бүгін оқу үйінің меңгерушісі Наушәріпов Мықтыбай колхозшыларға Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Будапеште болған сессиясында қабылданған Декларациясын түсіндіріп отыр.

...Колхоз жастарының кешкі қызық ойын-сауықтарын колхоз бастауыш партия ұйымының секретары Шайынның сөзі бұзды. —Айтылмышты уақыт болды, жолдастар!—деді ол, сөзін жұмбақтай сөйлеп.

Бұл оның «қырман басы сіздерді күтуде» дегені еді. Өйткені, оқушылар мен мұғалімдер мана колхоз басқармасына бүгін қырманда астық елеуге көмектесеміз деген болатын.

Өлгінде ғана ауыл көшесін көріктендірген жастар тобы колхоздың орталық қырманна бет алды. Бұдан сәл ғана бұрын астық елеушілердің күндізгі сменасы жұмысын аяқтаған еді. Колхоздың астықты даласының жүрегі —қырман қайтадан қызу еңбектің құшағына енді.

... Жастар жүрген жер қашан көңілсіз болған. Қырмандағы мотор үндерін баса жастардың жұмыс істеп жүріп салған әсем әндері түнгі таза ауаны жара, алысқа кетіп жатты.

Бұл түні колхоз жастары мемлекет қоймасына 320 центнер астық өткізді...

БОЛАШАҚ БУДАН ДА СӘУЛЕТТІ

Бонн өкмет орындары батыс герман азаматтарының сайлауға қатысуына кедергі жасауда

БЕРЛИН, 6 сентябрь. (СОТА). АДН агенттігінің Боннан берген хабарына қарағанда, кеше Боннда өткізілген баспасөз конференциясында Бонн үкметінің өкілі қасаған мәлімдемеден Герман Демократиялық Республикасына уақытша келген ондаған мың батыс германиялық азаматтар бундестаг сайлауына қатысу правосынан айырылғандығы мәлім болған.

Үкмет өкілі, делінген АДН агенттігінің хабарында, деморкациялық аймақтарда сайлау участоктері құрылмағанын, сөйтіп, батыс германиялық азаматтардың ГДР-ден уақытша қайтпай-ақ дауыс беруіне мүмкіншілік туғызылмағанын мойындауға мәжбүр болған. Тек қана Бебр елді пунктінң деморкациялық аймағында бір сайлау участогі құрылған. Алайда, кәзіргі уақытта ГДР-де тұратын Батыс Германияның азаматтары, егер олар бұдан былай ГДР-ге барудан бастартқан болатын болса, бұл сайлау участогінде дауыс бере алады. Өйткені, деморкациялық аймақтан өткенде олардың аймақаралық паспорттарына тиісті белгі қойылады да, ол паспорттар бұдан былайғы жерде жарамсыз деп танылады.

Сол сыяқты, делінген АДН агенттігінің хабарында, Батыс Германияның шетелде жүрген азаматтары батыс германиялық шекараларға Солтүстіктен, Батыстан және Оңтүстіктен келсе ғана сайлауға қатысуға мүмкіншілік алады.

БАТЫС ГЕРМАНИЯДАҒЫ САЙЛАУ ЖАЙЫНДА

БЕРЛИН, 6 сентябрь. (СОТА). АДН агенттігі Майнедегі Франкфурттен былай деп хабарлады:

Бүгін Майнедегі Франкфуртте және Кельнде Аденауэр ұйымдастырған «сайлауды қорғау жөніндегі азаматтық армия» Компартия мен социал-демократиялық партияның мүшелеріне қарсы көптеген террорлық әрекеттер жасаған. 6 сентябрьге қараған түнде американдық «Старт энд страйпс» әскери газетінің жабық машинасына мінген «неміс жастары одағының» бандиттері Майнедегі Франкфурттегі Германия Компартиясы басқармасы үйінің алдында жандырғыш сұйық заттарды қолданып, «Социалистше фолькдейтунг» газеті ілінген витриналарды өртеген.

Варумдорфте (Мюнстер округі) фашистік бандиттер сентябрьдің 6-на қараған түнде Герман Компартиясының жергілікті ұйымының витриналарының шыныларын қыйратқан.

Оңтүстік Рейссенде жолдар түйсетін жерлерде американдық әскерлерінің автоматпен қаруланған күзеттері қойылған.

Кельндегі Ринштрасседе бүгін таңертеңгі сағат бесжарым кезінде Германия Компартиясының плакаттарын іліп жүрген бір топ адамды полиция тұтқындаған. Сол сыяқты, Кельнде оккупациялық полиция да Германия Компартиясының плакаттарын таратушыларды

шаруашылықпен жетілдіріледі. Быйылғы астық жыйнау маусымында мұнда Преснов авторотасының бес машинасы астық қырмаңдарында жұмыс істеп жүр. Колхоздың өзінің де бірнеше автомашинасы бар. Өздерінің жеке меншігіне мотоцикл сатып алған колхозшылар да аз емес. Жұырда ғана колхозшы Байтасов Қайырке, трактор бригадасының бригадирі Маликов Олег жаңа мотоциклдер сатып алды.

—Бұдан жыйырма-отыз жыл бұрын біздің колхоздың бейнесі мүлде өзгеше болатын—дейді, қарт мұғалім Хакім Иманов.—Көл жиегін жағалай салынған жаппа төбелі шым үйлер жаз болса қанырықтайын, қысты жүні қалың қардың астынан мұржалары ғана көрініп жататын еді. Ол кезде ауыл адамдары мотоцикл, машиналарды өздері иемденбек түгіл көздері де көрмейтін, ал, кезір екі үйдің бірінде саңқылдап тұрған радиоқабылдағыш пен патефондар ол кезде қыял дүниесіндегі зат болатын.

Расында да колхозды ауыл бейнесі мүлде өзгерген. Кең, жарық, сәулетті үй, сәнді тұрмыс олардың бақыт иесі екендігі бірден-ақ аңғартып тұр. Өткен жылы бұл колхозда еңбеккүніне астықтың өзін 150-200 пұт алмаған семья кемде-кем. Ал, Ахметов, Әбдешев, Қонақов, Сүгірбаев, Жақыбаев сыяқты озат колхозшылар еңбеккүндеріне 500 пұттан артық астық алды.

ШӨКЕШ ҚАРТЫҢ СЕМЬЯСЫ

Аймурзин Шөкеш—қатардағы көп колхозшылардың бірі. Оның өткендегі өмірі мен кәзіргі бақытты тұрмысы «Баян» колхозының барлық колхозшыларына тән.

Далада қойды бағың көп жүремін,
Бай малының қамдарын жеп жүремін,
Қойдың қамын қойшы жер, қойшы қамын.
Жейтін адам барма екен деп жүремін, —

деп айтатын әкесі Аймырзаның зарлы өлеңін жас кезінде Шөкеш те талай рет айтқан болатын. Ол 8 жасынан бастап Шөкеш бейнесіне қойын бақты. Уылжыған жастық шағын азапты еңбек пен ауыр тұрмыста өткізді. Қаңтардың қақаған аязы, шілденің аптаған ыстығы, күздің сүйектен өтетін суық желі қой соңында жүрген Шөкештің талай рет жалынды жүрегін жаралап, жас жанын тілгілеген еді.

Мырзабек кәзір еңбек майданының айбынды жауынгері, қоғамдық малға берік жеміш қорын жасау күресінің озаты. Быйылғы маусымда күнделік тапсырманы біржарым еседен орындап отырған ол, аз уақыт ішінде мың гектар алаңның шөбін шапты. Адал еңбек иесі Мырзабекті колхозшылар орынды мақтан етеді.

Шөкеш қарттың келіні Бәткен де озат колхозшылардан саналады. Ол колхозда сауыншы болып істейді.

Семья мүшелерінің ендігі үшеуі оқушылар. Ең үлкені Тойкен быйыл 7 класта, Зүбіра 6 класта, Сайлау 5 класта оқиды. Ең кішкентай бөбек Бибәт үш жасқа толды.

Өткен жылы бұл семья мүшелері 1367 еңбеккүн тауып, 300 пұттан аса астық алды, ал, ақшадай тапқан табыстары да көп.

* * *

Біз Шөкеш қарттың үйіне келгенде күн ұясына лек артқан кез еді. Мырзабек жұмыстан оралған екен.

Шөкеш қарттың әңгімесін тыңдап, біз біраз уақыт отырып қалдық. Өткен өмірден басталған әңгіме бүгінгі күнге жетін болашаққа тірелді.

—Быйылғы жылы біз біржарым мыңдай еңбеккүн тапқалы отырмыз. Астығымыз быйыл өте бітік шықты. Әрбір еңбеккүнге кем дегенде 8 килограмнан астық аламыз. Колхоз басқармасы быйылғы жылы әрбір еңбеккүнге үшжарым сомнан ақша белгілен отыр. Оның үстіне ауылшаруашылық салығы туралы Заң біздің тұрмысымыздың бұрынғыдан да жақсара беруіне жардай тұғызып отыр. Жыл өткен сайын тұрмыс көркейіп, өмір гүлденіп барады. Тіпті осы кезде жас болмағанымға өкінгендеймін,— деді қарт сөзінің қорытындысында.

Бұл семьяның өткендегі өмірі —бейнет, кәзіргісі—рақат, ал, болашағы бұдан да сәулетті, бұдан да бақытты! Шөкеш қарттың әңгімесінен кейінгі біздің қорытындымыз осы болды.

КОЛХОЗ ДӘУЛЕТТІ БОЛСА, КОЛХОЗШЫЛАР АУҚАТТЫ БОЛАДЫ

—Колхоз дәулетті болса, колхозшылар ауқатты болады. Бұл сөзді «Баян» колхозының әрбір колхозшысынан естиең. Олар колхоздың бай болуы —колхозшылар тұрмысы жақсаруының негізі екендігін өздерінің күнделікті өмірінен көріп отыр.

Шаруашылығы дамып, мәдениеті өркендеп отырған «Баян» ауылшаруашылық артелі жылдан-жылға қарыштап алға бәсуда. Колхоз өндірісіне еркін енген техника күші колхозшылар еңбегін жеңілдетіп, оның өнімділігін мейлінше арттыруда.

Быйыл «Баян» колхозының егін даласында 12 трактор және 7 комбайн жұмыс істеп жүр. Ал, орталық қырмаңдағы астық өлеу жұмысы толық механикаландырылған. Быйылғы жылы бұл колхозда бірде-бір гектар шөп, не егін көлік машинасымен жыйналған жоқ.

Колхоздағы еңбекті көп қажет ететін жұмыстарды толық механикаландыру ісін колхоз басқармасы қызу қозға алуда.

Ауқатты тұрмыс, сәнді өмір, өскелең мәдениет —міне, колхозшылардың бүгінгі үлесі. Ал, олардың болашағы бұдан да сәулетті, бұдан да бақытты.

Тек быйылғы жылы ғана «Баян» колхозының колхозшыларына арналып 16 үй салынып жатыр.

ССРО Жоғарғы Советі Бесінші сессиясында қабылданған ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті мен ауылшаруашылық салығы туралы Заңдар еңбекшілердің материалдық және мәдени дәрежесін көтерудегі жаңа белес болып табылады. Тек ауылшаруашылық салығы туралы Заң бойынша быйыл «Баян» колхозының мүшелері 50 мың сомға жуық жеңілдік алып отыр. Бұл жеңілдік 1954 жылы 80 мың сомнан асатын болады.

—Үкмет пен партияның әкелік қамқорлығына біздің колхозшылар зор еңбек өрлеуімен жауап беруде,—дейді, колхоз бастаушы партия ұйымының секретары Бірімжан Шайшин. —Колхозшылардың қажырлы еңбегі нәтижесінде біз мемлекетке астық тапсыру жоспарын толық орындадық. Кәзір МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу есебіне астық тапсыру қызу жүргізілуде.

Қайнаған еңбек, сәулетті тұрмыс —міне, «Баян» колхозының кәзіргі көрінісі. Бірақ, олар бұл қол жеткен табысқа қанағаттанбайды. Өйткені, олардың кәзіргі өмірі қандай бақытты болса, болашағы одан да сәулетті, одан да нұрлы. Ол нұр—коммунизм нұры.

Т. КӘКІМОВ,

«Баян» колхозы, Преснов ауданы.

БАТЫС ГЕРМАНИЯДАҒЫ САЙЛАУ

БЕРЛИН, 6 сентябрь. (СОТА). Бүгін Батыс Германияда бундестагке (батыс германиялық парламент) сайлау болды. Дауыс беру жергілікті уақыт бойынша сағат 8-де басталып, 18 сағатта аяқталды. Бұдан кейін берілген дауыстың есебін шығару басталды. Бундестагке 484 депутат сайлануға тиіс. Батыс Германияда 33 миллион сайлаушы бар. Гамбург радиосының хабарына қарағанда, сайлауға қайлаушылардың 80 процентке жуығы қатысқан. АДН агенттігінің хабарына қарағанда, сайлау өте тынышсыз жағдайда өткен. Батыс Германияның өкмет орындары сайлауға байланысты жүз мыңнан аса полицейліктерді жауынгерлік өзіндікке келтірген. Көптеген сайлау участоктерінің алдында полицейлік отрядтар күзет ұйымдастырған. Рур қалаларында полицейлік автомобильдер сайлау участоктерінің арасында жүріп тұрған. Мюнхен қаласында және басқа қалаларда полицейліктер және азаматтық киімдер киген полицияның тергеу қызметшілерінен тыс өкмет орындарының қарамағында фашистік элементтер басқарған жергілікті қорғаныс топтары деп аталатындар болған.

Полиция фашистік элементтермен бірлесе отырып, Германияның Коммунистік партиясының, жалпыгерманиялық Халықтық партияның, ГСДП-ның сайлауға арналған плакаттарын жойып жүрген кезде, ХДС және үкметтік коалицияның басқа да партиялары барлық жерде сайлау плакаттарын ілген.

Боннан алынған хабарларға қарағанда, дауыс берудің нәтижесін халық 7 сентябрьде таңертең күтетін көрінеді.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ПАРМДЫ МЕКЕНДЕУШІ»


Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«БАТЫЛДАР АЛАҢЫ»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

Жол және Транспорт шаруашылығы Басқармасы мекемесіне аға бухгалтер және бухгалтерлер КЕРЕК.
Адрес: Киров көшесі, № 141-үй.



СУРЕТТЕ: «Баян» колхозында. (Солдан оңға қарай) 1. Социалистік Еңбек Ері А. Асадулаев комбайнмен егін орып жүр. 2. Колхозшы Шөкеш Аймурзиннің семьясы. 3. Колхозда өсірілген асыл тұқымды желгіш аттар.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.